**Кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 2026 жылғы 30 сәуірдегі № 163 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 4 мамырда № 38653 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Қолданысқа енгізілу тәртібін** 4-тармақтан **қараңыз**

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілетін Тізбенің 2-тармағының үшінші және төртінші абзацтарын, 8 -тармағының екінші, үшінші, бесінші, алтыншы, он үшінші, он төртінші және отыз үшінші абзацтарын қоспағанда, 2026 жылғы 12 шілдеден бастап күшіне енеді.

"Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32922 болып тіркелген) бекітілген Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларының 3-қосымшасы және "Әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамның мүлкіне билік ету, шотына түскен зейнетақыларды, жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді алу бойынша және соттың шешімімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған азаматтардың мүлкін иеліктен шығаруға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 15 қарашадағы № 428 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №

35384 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген "Әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамның мүлкіне билік ету, шотына түскен зейнетақыларды, жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді алу бойынша және соттың шешімімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған азаматтардың мүлкін иеліктен шығаруға рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларының 3-қосымшасы 2026 жылғы 12 шілдеге дейін осы бұйрықтың 1 және 2-қосымшаларына сәйкес редакцияда қолданылады деп белгіленсін.

*Қазақстан Республикасының*
*Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау*
*министрінің міндетін атқарушы* *Е. Тұяқбаев*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің міндетін
атқарушы
2026 жылғы 30 сәуірдегі
№ 163 бұйрығымен бекітілген

**Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі**

1. "Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінде еңбек шарты туралы мәліметтерді ұсыну және алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 3 қыркүйектегі № 353 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21173 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінде еңбек шарты туралы мәліметтерді еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінде ұсыну және алу қағидаларында:

2-тармақта:

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) цифрлық объектіні интеграциялау – деректерді берудің Қазақстан Республикасында пайдаланылатын стандарттық хаттамалары негізінде цифрлық объектілері арасындағы цифрлық өзара іс-қимылды ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар;

2) цифрлық жүйе – цифрлық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық іс-әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған

цифрлық технологияның, қызмет көрсететін персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;";

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі – еңбек шарттарын, жұмыскерлердің еңбек қызметі мен санын есепке алуды автоматтандыруға арналған цифрлық жүйе;";

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер ұсынуға қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект;";

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы).";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жұмыс беруші мәліметтерді кадрлық қамтамасыз ету цифрлық жүйесінің ЕШЕБЖ-мен интеграциясы арқылы не "Электрондық еңбек биржасы" жұмыспен қамтудың бірыңғай цифрлық платформасы не басқа цифрлық ресурстар арқылы жолдайды.

Жұмыс берушінің кадрлық қамтамасыз ету цифрлық жүйесін интеграциялау үшін Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрі міндетін атқарушының 2018 жылғы 29 наурыздағы № 123 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16777 болып тіркелген) бекітілген " Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидаларына сәйкес интеграциялау жұмыстарын ұйымдастыруы қажет.

"Электрондық еңбек биржасы" жұмыспен қамтудың бірыңғай цифрлық платформасы арқылы мәліметтерді ұсыну үшін жұмыс беруші электрондық цифрлық қолтаңбасымен растап, жеке кабинетін тіркеуі қажет және жеке кабинетінде осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген қажетті мәліметтерді толтырады, оларды электрондық цифрлық қолтаңбасымен растап, ЕШЕБЖ-ға жібереді.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Қағидалардың 9 және 10-тармақтарында көрсетілген мәліметтерге жұмыс беруші енгізген өзгерістер жұмыскер "цифрлық үкімет" веб-порталындағы жеке кабинеті арқылы танысады.";

16 және 17-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Жұмыскер осы Қағидалардың 3 және 8-тармақтарында көрсетілген, ЕШЕБЖ-да қамтылған мәліметтерді "цифрлық үкімет" веб-порталындағы, аталған мәліметтер оларды жұмыс беруші ЕШЕБЖ-ға енгізгеннен кейін бір жұмыс күні ішінде автоматты түрде көрінетін жеке кабинетінен алады.

17. Жұмыс беруші осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген, ЕШЕБЖ-да қамтылған үміткерлер мен жұмыскерлердің еңбек қызметі туралы мәліметтерді осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес интеграция болған жағдайда олардың алдын ала келісімі бойынша алады.

Үміткер және жұмыскерлер алдын ала келісімін жұмыс берушінің кадрлық қамтамасыз ету цифрлық жүйесінде электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы береді."
.

2. "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32922 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік Кодексінің 12-бабы 5) тармақшасының жиырма екінші абзацына, сондай-ақ "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-бабының 1-тармақшасына сәйкес әзірленді және медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу тәртібін айқындайды.";

3-тармақта:

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) "Еңбек нарығы" автоматтандырылған цифрлық жүйесі (бұдан әрі – "Еңбек нарығы" АЦЖ) – әлеуметтік-еңбек саласында халыққа мемлекеттік қызмет көрсету мақсатында халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның, халықты жұмыспен қамтудың жергілікті органдарының, халықты жұмыспен қамту орталықтарының, еңбек ресурстарын дамыту және ведомствоаралық өзара іс-қимыл орталығының қызметін автоматтандыруға арналған аппараттық-бағдарламалық кешен;"
;

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Е-Собес" автоматтандырылған цифрлық жүйесі (бұдан әрі – "Е-Собес" АЦЖ) – материалдық және заттай мәнде әлеуметтік көмек, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудің бизнес-процестерін автоматтандыруға, жергілікті атқарушы

органдар жүргізетін іс-шаралардың дерекқорын қалыптастыруға, жүргізуге және пайдалануға арналған аппараттық-бағдарламалық кешен;";

24) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"24) "Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған деректер банкі" автоматтандырылған цифрлық жүйесі (бұдан әрі – "МОДБ" АЦЖ) – мүгедектікті белгілеу, еңбек ету қабілетінен айырылу, абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасын әзірлеу бойынша бизнес-процестерді автоматтандыруға, сондай-ақ МӘС бөлімдерінде куәландырудан өткен адамдар бойынша деректерді сақтау мен өңдеуге арналған аппараттық-бағдарламалық кешен;";

30) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"30) "Оңалтудың техникалық құралдары" цифрлық жүйесі (бұдан әрі – ОТҚ ЦЖ) – ОЖБ-ға сәйкес мүгедектігі бар адамдарға берілетін техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар мен арнаулы жүріп-тұру құралдарын іріктеу процесін автоматтандыруға арналған цифрлық жүйе;";

33) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"33) сырттай проактивті куәландыру – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің цифрлық жүйелерінен (бұдан әрі – ҚР ДСМ ЦЖ) келіп түскен иесіздендірілген құжаттар негізінде МӘС жүргізу;";

9-тармақта:

бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Сырттай проактивті куәландыруды (қайта куәландыруды) қоспағанда, куәландыру (қайта куәландыру) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МӘС жүргізуге өтініш (бұдан әрі – өтініш) бойынша куәландырылатын адамның, өтініш берген кезде заңды тұлғаның жеке басын куәландыратын құжатты не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжатты (сәйкестендіру үшін) ұсына отырып және " цифрлық үкімет" шлюзі арқылы мемлекеттік цифрлық жүйелерден электрондық-цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжаттар түрінде алынатын мәліметтер негізінде жүргізіледі:";

екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Цифрлық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда, куәландырылатын адамның өтінішіне № 031/е нысаны, сондай-ақ тиісті құжаттардың қағаз жеткізгіштегі көшірмелері және салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары қоса беріледі.";

10-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) медициналық цифрлық жүйеде (бұдан әрі – МЦЖ) интеграциялау арқылы:

ҚР ДСМ ЦЖ-дан "Бекітілген халық тіркеліміне" (бұдан әрі – БХТ) медициналық ұйым туралы мәліметтерді және пациентті тіркеу күні, әрекет қабілеттілігі мәртебесі, пациентті тіркеу орны, жеке басты куәландыратын құжаттардың деректері туралы мәліметтерді алу бөлігінде;

ҚР ДСМ ЦЖ-дан "Диспансерлік науқастардың электрондық тіркеліміне" (бұдан әрі – ДНЭТ) пациент, АХЖ-10 коды бойынша тарихи деректермен және нозологиялармен "Д" есебіне қойылған күні туралы мәліметтер алу бөлігінде;

ҚР ДСМ ЦЖ-дан "Стационарлық науқастардың электрондық тізіліміне" (бұдан әрі – СНЭТ) емделген жағдай туралы мәліметтер алу бөлігінде;

МАБ-тан пациенттің немесе оның өкілінің ұялы байланысының абоненттік құрылғысының нөмірін тіркеу туралы мәліметтерді алу бөлігінде пациент деректерін тексеру жүргізеді;";

11-тармақта:

бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"11. № 031/е нысаны ДКК төрағасының ЭЦҚ-сы бекітілгеннен кейін мынадай талаптар сақталған кезде автоматтандырылған режимде МЦЖ-дан ҚР ДСМ ЦЖ-ға жіберіледі:";

5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) бір айдан асырмай МЦЖ-дағы № 031/е нысанын қалыптастыру күні;"

12-тармақта:

үшінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы ЭЦҚ бекітілген мынадай электрондық құжаттар:";

төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Берілетін деректердің толықтығын, шынайылығын және бұрмаланбауын ақпаратты беретін ЦЖ тарапы (сервис иесі) қамтамасыз етеді.";

14-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Құжаттарды қабылдау барысында МӘС маманы, олардың (цифрлық жүйелерден алынған мәліметтердің) толықтығын, қолданылу мерзімін тексереді.";

15 және 16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Сырттай проактивті куәландыруға (қайта куәландыру) құжаттар "МОДБ" АЦЖ-ға келіп түскен кезде көрсетілетін қызметті алушы және МАБ бойынша пациенттің немесе оның заңды өкілінің (ата-анасының, қорғаншысының, қамқоршысының) ұялы байланысының абоненттік құрылғысының нөмірі тіркелген болуына ЖТМДҚ-ға автоматты түрде сұрау салу жүзеге асырылады.

"МОДБ" АЦЖ:

1) ЖТМДҚ-дан:

пациенттің немесе оның заңды өкілінің қайтыс болуы;

тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркеудің болмауы;

шетелге тұрақты тұруға кеткен адамның өтініш беруі туралы;

2) МАБ-тан – ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының нөмірі тіркеуде болмауы туралы мәліметтерді алу кезінде ҚР ДСМ ЦЖ-ға осы Қағидалардың 5-

қосымшаға сәйкес Медициналық құжаттардың қабылданбау себептерін көрсетіп, ақпараттық хабарлама жібере отырып құжаттарды қайтарады.

16. "МОДБ" АЦЖ-не келіп түскен № 031/е нысаны мынадай талаптарға сәйкестігі тексеріледі:

1) жауап жіберушінің ұялы телефон нөмірінің пациенттің немесе өкілінің ұялы телефон нөміріне сәйкестігі;

2) "сырттай проактивті куәландыру" белгісінің болуы;

3) аурудың бейіні мен пациенттің жасын ескере отырып, № 031/е нысандағы міндетті жолдарды толтыру;

4) диагноздың Нозологиялық нысандар тізбесіне сәйкестігі;

5) МЦЖ-дағы № 031/е нысанын қалыптастыру күнінің бір айдан аспауы;

6) № 031/е нысандағы медициналық ұйым атауының БХТ деректеріне сәйкестігі ( диспансерлерді қоспағанда);

7) ҚР ДСМ-116/2020 бұйрығына, денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға, диагностиканың, емдеу мен оңалтудың клиникалық хаттамаларына сәйкес № 031/е нысанда көрсетілген электрондық құжаттардың қоса берілуі;

8) ЭЦҚ-ның болуы.

"МОДБ" АЦЖ-де № 031/е нысанының 25.1 -тармағына сәйкес "ОТҚ" ЦЖ-да сауалнаманың (сұраулардың) болуы тексеріледі.

Тармақтың бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген талаптардың біріне сәйкес келмеген жағдайда, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес медициналық құжаттарды қайтару себебін көрсете отырып, МЦЖ-ға жіберу үшін "МОДБ" АЦЖ-дан ҚР ДСМ ЦЖ-ға ақпараттық хабарлама жіберіледі.

Медициналық ұйым қайтару себебін (себептерін) ескере отырып, № 031/е нысанын сырттай проактивті куәландыруға (қайта куәландыруға) қайта жіберу мәселесін қарайды.";

24-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) сырттай проактивті куәландыру (қайта куәландыру) кезінде, "МОДБ" АЦЖ-да МӘС актісі жобасы түзілген күн болып есептеледі.";

25-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Сырттай проактивті куәландыру кезінде № 031/е нысаны "МОДБ" АЦЖ-ның " Тіркелген МӘС актілерінің тізілімі" модуліне түседі және автоматты түрде:";

45 және 46-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"45. Мүгедектік тобы бойынша үш сараптамалық шешімдер сәйкес келмеген, сондай-ақ сәйкессіздік туралы сараптамалық шешімдер шығарылған жағдайларда:

Нозологиялық нысандар тізбесіндегі диагноз;

жолдаманың мақсаттары;

организм функцияларының бұзылу дәрежесін дәлелдейтін зертханалық және функционалдық зерттеулер деректерінің белгіленген жағдайда:

1) № 031/е нысаны куәландырушы адамның тұрақты тіркелген жері бойынша МӘС бөліміне автоматты түрде жолданады;

2) автоматты түрде:

ҚР ДСМ ЦЖ-ға МЦЖ-ға жолдау үшін – көрсетілетін қызметті алушыны көзбе-көз куәландыруға тұрақты тіркелген жері бойынша МӘС бөліміне бару қажеттілігі туралы мәлімет көрсетілген № 031/е нысанындағы "МӘС сараптамалық қорытындысы туралы хабарлама";

көрсетілетін қызметті алушыға (оның өкіліне) sms-хабарлама алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде тұрақты тіркелген жері бойынша МӘС бөліміне көзбе-көз куәландыруға сағат 15.30-дан 18.00-ге дейін хабарласу қажет екені туралы sms-хабарлама жолданады.

МӘС бөлімі көрсетілетін қызметті алушы жүгінген күні, МӘС бөлімі басшысының ЭЦҚ-мен қол қойылған сараптамалық қорытынды шығарады.

Көрсетілетін қызметті алушы келмеген кезде sms-хабарлама қайта жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы 4 (төрт) жұмыс күні ішінде келмеген кезде немесе көзбе-көз куәландырудан бас тартқан жағдайда автоматты түрде:

1) ҚР ДСМ ЦЖ-ға МЦЖ-ға жолдау үшін – "сапасыз толтырылған" белгісімен № 031/е нысанының "МӘС сараптамалық қорытындысы туралы хабарламасы" және пациенттің көзбе-көз куәландыруға келмегендігі (келмеу немесе көзбе-көз куәландырудан бас тарту) туралы ақпарат;

2) көрсетілетін қызметті алушыға (оның өкіліне) оны МӘС-ке жолдама берген медициналық ұйымға жолығу қажет екені туралы sms-хабарлама жолданады.

46. Сырттай проактивті куәландыру кезінде сараптамалық шешімдер ЭЦҚ қойылған сараптамалық шешімдер осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сараптамалық шешімдер парағын қалыптастыра отырып, "МОДБ" АЦЖ-дағы " Тіркелген МӘС актілерінің тізілімі" модуліне келіп түседі.";

48-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) көрсетілетін қызметті алушыға (оның өкіліне) - қабылданған сараптамалық қорытынды мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін "цифрлық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталынан алу мүмкіндігі туралы sms-хабарлама жіберіледі.";

49 және 50-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"49. Куәландырылатын адамның деректері "МОДБ" АЦЖ-ға енгізіледі, онда осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша автоматтандырылған режимде электрондық МӘС актісі, осы Қағидаларға 17 және 18-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша МӘС бөлімінің және МӘС әдіснама және бақылау бөлімінің МӘС жүргізу хаттамаларының журналдары және ережелері, осы Қағидалардың 51-тармағында көрсетілген құжаттар қалыптастырылады.

50. Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мәліметтер "МОДБ" АЦЖ-дан автоматты түрде мемлекеттік қызмет көрсету мониторингі цифрлық жүйесіне түседі.";

51-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"51. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушы немесе оның заңды өкілі "цифрлық үкімет" www.egov.kz веб-порталында "жеке кабинет" арқылы мынадай құжаттарды алады:";

53-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"53. Бекітілгеннен кейін ОЖБ-ның әлеуметтік бөлігі есепке алу және ұсынылған оңалту іс-шараларын кейіннен орындау үшін автоматтандырылған режимде "Е-собес" АЦЖ-ға, ОЖБ-ның кәсіптік бөлігі "Еңбек нарығы" АЦЖ-ға келіп түседі.

Әскери қызмет өткеруге міндетті адамдар және мүгедектер деп танылған мерзімді әскери қызметшілер туралы мәліметтер ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті әскери басқару органдарына "МОДБ" АЦЖ-дан мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету арқылы беріледі.

Мемлекеттік цифрлық жүйелер арасында өзара іс-қимыл болмаған жағдайда, әскери міндеттілер мен мүгедектер деп танылған мерзімді әскери қызметшілер туралы мәліметтер ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті әскери басқару органдарына үш жұмыс күні ішінде жіберіледі.";

69-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"69. Егер куәландырылатын адамның құжаттары "МОДБ" АЦЖ-ға түспесе немесе куәландырылатын адам МӘС бөліміне мерзімінде келмесе және қайта куәландыру кезінде оған қайтадан мүгедектік және (немесе) еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген болса, онда өткізіп алған кезеңге мерзім:";

72-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"72. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Жасанды интеллект және цифрлық даму салалары бойынша жетекшілік ететін вице-министрлер және техникалық іркіліс орын алған медициналық цифрлық жүйелердің (МЦЖ) өкілі қол қойған техникалық іркіліс туралы актімен расталған мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерінің жұмысында техникалық іркілістер туындаған жағдайларда, азаматтар арасында әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында:

1) "МОДБ" АЦЖ құжаттарды, олардың МЦЖ-да қалыптасу күніне қарамастан қабылдайды;

2) Сараптамалық қорытынды шығару кезінде мерзімді:

қайта куәландыру кезінде – бұрын белгіленген мүгедектікті, еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесінің мерзімін ескере отырып;

алғашқы куәландыру кезінде – № 031/е нысаны МЦЖ-дан ҚР ДСМ ЦЖ-не жіберілген күннен бастап есептейді.";

73-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"73-1. Бақылау бойынша қайта куәландыру үшін куәландырылатын адамның немесе оның заңды өкілінің МАБ-та тіркелген абоненттік нөміріне "МОДБ" АЦЖ-дан

sms-хабарлама жіберілген күннен бастап, ал МАБ-та абоненттік нөмір тіркелмеген жағдайда – шақыруды пошта байланысы арқылы алған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде мүгедектігі бар адам МӘС әдіснама және бақылау бөліміне келуі қажет.";

75-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"75. ОЖБ-ның медициналық бөлігінің орындалуы туралы деректерді медициналық ұйымдардың мамандары медициналық ұйымдардың тиісті цифрлық жүйелеріне енгізеді.

ОЖБ-ның әлеуметтік бөлігінің орындалуы туралы деректер "Е-собес" АЦЖ-дан " МОДБ" АЦЖ-ға, ал ОЖБ-ның кәсіптік бөлігінің орындалуы туралы деректер "Еңбек нарығы" АЦЖ-дан автоматтандырылған режимде келіп түседі.

Жұмыс берушілердің ОЖБ-ның әлеуметтік және/немесе кәсіптік бөліктерін орындауы туралы деректерді куәландырылатын адамның ақпараты негізінде кезекті куәландыру кезінде МӘС мамандары "МОДБ" АЦЖ-ға енгізеді.";

осы Қағидаларға 1-қосымша осы тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы Қағидаларға 3-қосымша осы тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы Қағидаларға 5-қосымша осы тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы Қағидаларға 17 және 18-қосымшалар осы тізбеге 4 және 5-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 263 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32941 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Халықты әлеуметтік қорғау саласында стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартында:

5-тармақта:

екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жұмыспен қамту бөлімі өтінішті қабылдау кезінде ЖСН бойынша "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелеріне (бұдан әрі – цифрлық жүйелер) мынадай:";

үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Цифрлық жүйелерде мәліметтер болмаған кезде өтінішке он сегіз жастан асқан адамдар үшін - адамды әрекетке қабілетсіз деп тану туралы сот шешімінің көшірмесі ( бар болса) қоса беріледі.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Осы Стандарттың 5-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасы сәйкес болған жағдайда жұмыспен қамту бөлімінің маманы "Е-собес" автоматтандырылған цифрлық жүйесіне (бұдан әрі – "Е-собес" АЦЖ) арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж деп танылған адамның (отбасының) өтінішіндегі деректерді енгізеді.";

7-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мобильдік азаматтар базасында қызметтерді алушының абоненттік нөмірі туралы мәліметтер болған кезде қызметтерді алушыға СМС-хабарлама беру арқылы "цифрлық үкіметтің" веб-порталында тіркелген ұялы байланыс абоненттік құрылғысының телефон нөміріне "Е-Собес" АЦЖ-дан порталда авторизациялау және стационарлық үлгідегі ұйымды таңдау қажеттігі туралы хабарлама қосымша жіберіледі.";

8-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) цифрлық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда, осы Стандарттың 5-тармағының үшінші абзацында көрсетілген құжаттар.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Стационарлық үлгідегі ұйымда тұратын қызметтерді алушылар мүгедек деп танылған жағдайда жұмыспен қамту бөліміне өтініш ұсыну жолымен "Е-собес" АЦЖ-да тіркелуге жатады. "Е-собес" АЦЖ тіркелгеннен кейін қызметтер алушылар кезектілікті белгілемей, порталда стационарлық үлгідегі ұйымға ресімделеді.";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Қызметтерді алушыларды шығару (шығарып жіберу), уақытша шығару немесе басқа стационарлық үлгідегі ұйымға ауыстыру стационарлық үлгідегі ұйым басшысының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады және "Е-собес" АЦЖ-да белгі қойылады.";

осы Стандарттарға 1-қосымша осы тізбеге 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Халықты әлеуметтік қорғау саласында жартылай стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартында:

5-тармақта:

екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жұмыспен қамту бөлімі өтінішті қабылдау кезінде ЖСН бойынша "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелеріне (бұдан әрі – цифрлық жүйелер) мынадай:";

үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Цифрлық жүйелерде мәліметтер болмаған кезде өтінішке он сегіз жастан асқан адамдар үшін - адамды әрекетке қабілетсіз деп тану туралы сот шешімінің көшірмесі ( бар болса) қоса беріледі.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Осы Стандарттың 5-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасы сәйкес болған жағдайда жұмыспен қамту бөлімінің маманы "Е-собес" автоматтандырылған цифрлық

жүйесіне (бұдан әрі – "Е-собес" АЦЖ) арнаулы әлеуметтік қызмет түрлеріне мұқтаж деп танылған адамның (отбасының) өтінішіндегі деректерді енгізеді.";

7-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мобильдік азаматтар базасында қызметтерді алушының абоненттік нөмірі туралы мәліметтер болған кезде қызметтерді алушыға СМС-хабарлама беру арқылы "цифрлық үкіметтің" веб-порталында тіркелген ұялы байланыс абоненттік құрылғысының телефон нөміріне "Е-Собес" АЦЖ-дан порталда авторизациялау және стационарлық үлгідегі ұйымды таңдау қажеттігі туралы хабарлама қосымша жіберіледі.";

8-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) цифрлық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда – осы Стандарттың 5-тармағының 3 абзацында көрсетілген құжаттар.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Қызметтерді алушылар мүгедек деп танылған жағдайда жұмыспен қамту бөліміне өтініш ұсыну жолымен "Е-собес" АЦЖ-да тіркелуге жатады.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді тоқтату және тоқтата тұру немесе басқа жартылай стационарлық үлгідегі ұйымға ауыстыру жартылай стационарлық үлгідегі ұйым басшысының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады және "Е-собес" АЦЖ-да белгі қойылады.

Бұл ретте шығару эпикризі, жартылай стационарлық үлгідегі ұйым мамандарының ұсынымдары ресімделеді, олар қызметтерді алушының не оның заңды өкілінің қолына беріледі.";

Халықты әлеуметтік қорғау саласында үйде қызметтер көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартында:

5-тармақтың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жұмыспен қамту бөлімі өтінішті қабылдау кезінде ЖСН бойынша "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелеріне (бұдан әрі – цифрлық жүйелер) мынадай:";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Осы Стандарттың 5-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасы сәйкес болған жағдайда жұмыспен қамту бөлімінің маманы "Е-собес" автоматтандырылған цифрлық жүйесіне (бұдан әрі – "Е-собес" АЦЖ) арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж деп танылған адамның (отбасының) өтінішіндегі деректерді енгізеді.";

8-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мобильдік азаматтар базасында қызметтерді алушының абоненттік нөмірі туралы мәліметтер болған кезде қызметтерді алушыға СМС-хабарлама беру арқылы "цифрлық үкіметтің" веб-порталында тіркелген ұялы байланыс абоненттік құрылғысының телефон нөміріне "Е-Собес" АЦЖ-дан порталда стационарлық үлгідегі ұйымды авторизациялау және таңдау қажеттігі туралы хабарлама қосымша жіберіледі."

9-тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) цифрлық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда, осы Стандарттың 5-тармағының 3-абзацында көрсетілген құжаттар.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Қызметтерді алушылар мүгедек деп танылған жағдайда уәкілетті органға өтініш ұсыну жолымен "Е-собес" АЦЖ-да тіркелуге жатады.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Үйде қызметтер көрсету ұйымдарда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді тоқтату, тоқтата тұру үйде қызметтер көрсету ұйымы басшысының шешімі негізінде жүзеге асырылады және "Е-собес" АЦЖ-да белгі қойылады.";

осы Стандарттарға 1-қосымша осы тізбеге 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Халықты әлеуметтік қорғау саласында уақытша болу жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартында:

осы Стандарттарға 1-қосымша осы тізбеге 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. "Арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастырудың ережесі мен әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 281 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32987 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер тарифтерін қалыптастыру ережесінде:

2-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) "Е-собес" автоматтандырылған цифрлық жүйесі (бұдан әрі – "Е-собес" АЦЖ) " Е-собес" – еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік қызметтер көрсету мақсатында уәкілетті мемлекеттік органның, жергілікті атқарушы органдардың , еңбек ресурстарын дамыту орталығының қызметін және ведомствоаралық өзара іс-қимылын автоматтандыруға арналған цифрлық жүйе.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Алдағы қаржы жылына тарифтер "Е-собес" АЦЖ-да қалыптастырылады және жергілікті атқарушы органдармен жыл сайын ағымдағы жылдың 25-желтоқсанына дейін бекітіледі.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге тарифтерді қалыптастыру әдістемесінде:

4-тармақтың үшінші бөлігінің төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Z – арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету процестерін автоматтандыруды қамтамасыз ететін цифрлық жүйелерді сүйемелдеуге арналған шығыстар. Шығыстар ұйымдағы штаттық нормативтерде көзделген жұмыскерлер санына негізделе отырып,

есептік жазбаларды енгізу қажеттілігіне сәйкес есептеледі және әрбір қызметкерлерге айына 0,67 АЕК мөлшерінде белгіленеді. Бір қызмет алушыға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету процестерін автоматтандыруды қамтамасыз ететін цифрлық жүйелерді сүйемелдеуге жұмсалған жалпы шығындардың g қатынасымен есептеледі.".

5. "Медициналық-әлеуметтік сараптаманың тәуелсіз сарапшыларының тізілімін жүргізу қағидаларын, сондай-ақ тізілімге енгізу және одан шығару негіздерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 18 қыркүйектегі № 393 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33436 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Медициналық-әлеуметтік сараптаманың тәуелсіз сарапшыларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ тізілімге енгізу және одан шығару негіздерінде:

2-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) "Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған деректер банкі" автоматтандырылған цифрлық жүйесі (бұдан әрі – "МОДБ" АЦЖ) – мүгедектікті белгілеу, еңбек ету қабілетінен айырылу, абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасын әзірлеу бойынша бизнес-процестерді автоматтандыруға, сондай-ақ МӘС бөлімдерінде куәландырудан өткен адамдар бойынша деректерді сақтау мен өңдеуге арналған аппараттық-бағдарламалық кешен;";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тізілімді Комитет "МОДБ" АЦЖ-да осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізеді.";

6-тармақта:

бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Үміткерлер уәкілетті мемлекеттік органның цифрлық жүйесі – әлеуметтік қызметтер порталына (http://aleumet.egov.kz) дербес деректерге қол жеткізу сервисі арқылы анықталған дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісе отырып ("Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес), осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тізілімге енгізуге өтініш береді және іске асырылған интеграция мен "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы мемлекеттік цифрлық жүйелерден алынатын электрондық цифрлық қолтаңбамен ( бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжаттар түріндегі мәліметтерді қалыптастырады:";

екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1), 2), 3) және 4) тармақшалар бойынша мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерінде мәліметтер болмаған кезде, растайтын электрондық құжаттар көшірмелері уәкілетті органның цифрлық жүйесі - әлеуметтік қызметтер порталында "МӘС тәуелсіз сарапшылар кабинеті" модулі арқылы электрондық түрде ұсынылады (http:// aleumet.egov.kz).";

7-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ұсынылған құжаттардың толықтығы мен жарамдылық мерзімін, оның ішінде "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы мемлекеттік цифрлық жүйелерден алынатын мәліметтер негізінде тексереді;";

9-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"70 %-дан аз дұрыс жауаптар және/немесе прокторинг жүйесінің теріс қорытындысын алған жағдайда және/немесе цифрлық жүйелердің жұмысындағы техникалық іркілістер туралы актімен расталған мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерінің жұмысында техникалық іркілістер туындаған жағдайда, үміткерлердің skills.enbek.kz платформада бір реттік қайта тестілеу осы Қағидалардың 8-тармағының 2) тармақшасына сәйкес мерзімдерде рұқсат етіледі.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Комитет МӘС тәуелсіз сарапшысы шартқа қол қойған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оның деректерін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысанда "МОДБ" АЦЖ-да тізілімге енгізеді.";

осы Қағидаларға 2-қосымша осы тізбеге 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

6. "Медициналық-әлеуметтік сараптаманың тәуелсіз сарапшылары жұмысының нәтижелерін бағалау қағидалары мен өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 28 қыркүйектегі № 408 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33482 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Медициналық-әлеуметтік сараптаманың тәуелсіз сарапшылары жұмысының нәтижелерін бағалау қағидалары мен өлшемшарттарында:

2-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) "Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған деректер банкі" автоматтандырылған цифрлық жүйесі (бұдан әрі – "МОДБ" АЦЖ) – мүгедектікті белгілеу, еңбекке қабілеттілігінен айырылу, абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасын әзірлеу бойынша бизнес-процестерді автоматтандыруға, сондай-ақ МӘС бөлімдерінде куәландырудан өткен адамдар бойынша деректерді сақтау мен өңдеуге арналған аппараттық-бағдарламалық кешен;";

3-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. МӘС тәуелсіз сарапшылары жұмысының нәтижелерін бағалау "МОДБ" АЦЖ автоматтандырылған режимде:";

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. МӘС тәуелсіз сарапшылары жұмысының нәтижелерін бағалау қорытындысы бойынша "МОДБ" АЦЖ осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша МӘС тәуелсіз сарапшысы жұмысының нәтижелерін бағалау кестесін қалыптастырады.

7. МӘС тәуелсіз сарапшылары жұмысының нәтижелерін ай сайынғы және жылдық бағалау қорытындысы "МОДБ" АЦЖ-дағы оның жеке кабинетінде көрсетіледі және олар электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қояды.

Қол қойылғаннан кейін МӘС тәуелсіз сарапшысы жұмысының нәтижелерін бағалау (ай сайынғы және жылдық) Комитетке жіберіледі.".

7. "Медициналық-әлеуметтік сараптаманың тәуелсіз сарапшыларының қызметтеріне ақы төлеу қағидаларын және медициналық-әлеуметтік сараптаманың тәуелсіз сарапшылары көрсететін қызметтерге тарифтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 411 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33492 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Медициналық-әлеуметтік сараптаманың тәуелсіз сарапшыларының қызметтеріне ақы төлеу қағидаларында және медициналық-әлеуметтік сараптаманың тәуелсіз сарапшылары көрсететін қызметтердің тарифтерінде:

2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) "Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған деректер банкі" автоматтандырылған цифрлық жүйесі (бұдан әрі – "МОДБ" АЦЖ) – мүгедектікті белгілеу, еңбекке қабілеттіліктен айырылу, абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасын әзірлеу бойынша бизнес-процестерді автоматтандыруға, сондай-ақ медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімдерінде куәландырудан өткен адамдар бойынша деректерді сақтау мен өңдеуге арналған аппараттық-бағдарламалық кешен;";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. МӘС тәуелсіз сарапшысы ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша МӘС тәуелсіз сарапшысы жұмысының нәтижелерін бағалау кестесінің деректерін және қызметінің бағасын қалыптастыруды ескере отырып, "МОДБ" АЦЖ-да "Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8265 болып тіркелген) бекітілген Р-1 нысаны бойынша орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісін ( бұдан әрі – Орындалған жұмыстардың актісі) қалыптастырады. Орындалған жұмыстардың актісі МӘС тәуелсіз сарапшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылғаннан кейін Комитетке түседі.";

4-тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) бұрыс және анық емес толтырылған жағдайда "МОДБ" АЦЖ-да ескертулерді көрсете отырып, МӘС тәуелсіз сарапшысына қайта қарау үшін қайтарады.".

8. "Әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамның мүлкіне билік ету, шотына түскен зейнетақыларды, жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді алу бойынша және соттың шешімімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған азаматтардың мүлкін иеліктен шығаруға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 15 қарашадағы № 428 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35384 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 18 ақпандағы № 81 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы ережесінің 15 тармағының 229-31) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

"Әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамның мүлкіне билік ету, шотына түскен зейнетақыларды, жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді алу бойынша және соттың шешімімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған азаматтардың мүлкін иеліктен шығаруға рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамның мүлкіне билік ету, шотына түскен зейнетақыларды, жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді алу бойынша және соттың шешімімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған азаматтардың мүлкін иеліктен шығаруға рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) " Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 18 ақпандағы № 81 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 229-31) тармақшасына сәйкес әзірленді және әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамның мүлкіне билік ету, шотына түскен зейнетақыларды, жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді алу бойынша және соттың шешімімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған азаматтардың мүлкін иеліктен шығаруға рұқсат беру тәртібін айқындайды.";

2-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) цифрлық жүйе – цифрлық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған

цифрлық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;";

7) және 8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"7) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі - портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект;

8) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы).";

4-тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) портал арқылы ұсынады.";

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің және көрсетілетін қызметті берушінің атауын, мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдерін, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін, нысанын және нәтижесін, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдерін, көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және цифрлық объектілердің жұмыс графигін, мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар осы Қағидаларға 3-қосымшада жазылған.

6. Көрсетілетін қызметті беруші және (немесе) Мемлекеттік корпорация қызметкері мемлекеттік қызметті көрсету кезінде цифрлық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушыдан келісім алады.

Көрсетілетін қызметті беруші және (немесе) Мемлекеттік корпорация қызметкері цифрлық құжаттарды құжат иесінің порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланыс абоненттік нөмірі арқылы бір реттік парольді беру немесе портал хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу жолымен берілген келісімі болған кезде іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен алады.

Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік қызметті көрсетуге талаптардың 8-тармағында көрсетілген құжаттар туралы мәлеметтерді Мемлекеттік корпорацияның қызметкері және көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес сұрау салу көмегімен "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.

Цифрлық жүйелерде көрсетілетін қызметті алушының мәліметтері сәйкес келмеген (болмаған) кезде өтінішке құжаттар қоса беріледі.";

10-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін портал арқылы жүгінген кезде ұсынылған мәліметтерді растау және қажетті мәліметтерді алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелеріне сұрау салуды көрсетілетін қызметті алушының өзі жүзеге асырады.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көрсетілген құжаттар топтамасы сәйкес келген кезде көрсетілетін қызметті берушінің маманы деректерді "Е-Собес" автоматтандырылған цифрлық жүйесіне (бұдан әрі – " Е-Собес" АЦЖ) енгізеді.

Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорация, портал арқылы жүгінген кезде өтініштен алынған деректер автоматты түрде "Е-Собес" АЦЖ-ға беріледі.";

17 және 18-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Осы Қағидаларға мемлекеттік қызмет көрсету бөлігінде өзгерістер және ( немесе) толықтырулар енгізу кезінде халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді көздейтін бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде Бірыңғай байланыс орталығын, Мемлекеттік корпорацияны, "цифрлық үкімет" операторын және көрсетілетін қызметті берушілерді енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы хабардар етеді.

18. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету сауалдары бойынша шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына ҚР ӘРПК-ға және Заңға сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсеткен кезде Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына не цифрландыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.";

осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшалар осы тізбеге 10 және 11-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы Қағидаларға 3-қосымша осы тізбеге 12-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы Қағидаларға 4-қосымша осы тізбеге 13-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы Қағидаларға 5-қосымша осы тізбеге 14-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Тізбеге 1-қосымша
Медициналық-әлеуметтік
сараптама жүргізу қағидаларына
1-қосымша

Нысан

**Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуге арналған өтініш**

Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің ________
облысы (қаласы) бойынша департаменті, ______ бөлімі
Жеке сәйкестендіру нөмірі: _______________________________________
Куәландырылатын адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):
_____________________________________________________
Туған күні: _____ жылғы "___" _________
Жеке басын куәландыратын құжаттың түрі: _______________________
Құжаттың нөмірі: __________ кім берген __________________________
Берілген күні _____ жылғы "___" _________
Тіркелген орны: ______________________________________
Облыс/республикалық маңызы бар қала _______
қала (аудан) _____________________________________
ауыл: ________________
көше (шағын аудан) _____________________________ ____ үй _____ пәтер
байланыс телефон нөмірі: _________________
электрондық пошта мекенжайы (бар болса): ____
Сізден мына мақсатта медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуді сұраймын:
1) мүгедектікті белгілеу: мүгедектікті алғашқы белгілеу, мүгедектікті қайта белгілеу (қайта куәландыру), мүгедектік себебінің өзгеруі (керегінің астын сызу);
2) жалпы еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесін, кәсіптік еңбекке қабілеттіліктен айрылу дәрежесін белгілеу (керегінің астын сызу);
3) мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасын ( ОЖБ) қалыптастыру, ОЖБ түзету, зардап шеккен қызметкердің қосымша көмек түрлеріне және күтімге мұқтаждығын айқындау (керегінің астын сызу).
Медициналық-әлеуметтік сараптама (МӘС) жүргізу үшін құжаттардың және мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерінен алынатын мәліметтердің тізбесі:

| Р/с № | Құжат атауы | Құжаттағы парақтар саны | Ескерту (электрондық немесе қағаз форматта) |
|---|---|---|---|
| 1. | жеке басты куәландыратын құжат | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2. | тіркелген орнын растайтын құжат | | |
| 3. | МӘС-ке қорытынды | | |
| 4. | ОЖБ-ның медициналық бөлігі | | |
| 5. | амбулаториялық науқастың медициналық картасы, ауру тарихынан үзінді және зерттеу нәтижелері | | |
| 6. | еңбекке уақытша жарамсыздық парағы ( анықтамасы) | | |
| 7. | еңбек қызметін растайтын құжат және ( немесе) өндірістегі еңбек сипаты мен еңбек жағдайлары туралы мәліметтер | | |
| 8. | міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу (немесе қатыспау) фактісін растайтын құжат | | |
| 9. | жазатайым оқиға туралы акт | | |
